

**6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған докторант
Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлының «Қатерлі ісіктері бар пациенттерге
медициналық көмектің сапасын қамтамасыз ету негіздерінің әдістемесі»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ**

Қатерлі ісік ауруларының өсуі және оның халық денсаулығына тигізетін кері әсері қоғамдық денсаулық сақтау саласының ең өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бұл аталған патологияның жоғары әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын айқындайды. Халық арасында онкологиялық аурулардың таралуы мен созылмалы аурулар үлесінің артуы жағдайында онкологиялық пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасын арттыруға және оны қамтамасыз етуге бағытталған ұйымдастырушылық шараларды жетілдіру ерекше маңызға ие.

Осыған байланысты диссертант Тұрмаханбетов Б.М. зерттеудің мақсатын өз бетінше айқындап, оған қол жеткізу үшін келесі міндеттерді белгіледі: онкологиялық аурулардың эпидемиологиялық жағдайын бағалау, онкологиялық көмекті ұйымдастыру құрылымына талдау жүргізу, онкологиялық пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің қазіргі жай-күйін кешенді бағалау және медициналық көмектің сапасын қамтамасыз етудің әдіснамалық негіздерін әзірлеу.

Қойылған міндеттерді өз бетінше орындау нәтижесінде диссертант онкологиялық қызмет тиімділігін бағалау көрсеткіштерін жүйелеп, онкологиялық көмек көрсету барысында туындайтын ықтимал ақауларды айқындауға және медициналық көмектің сапасын мониторингтеудің жүйелі тәсілін ұсынуға қол жеткізді.

Зерттеу міндеттерін іске асыру барысында ізденуші Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлы зерттеу дизайнын өз бетінше әзірлеп, зерттеудің әдіснамалық негіздерін қалыптастырды. Ғылыми негізделген нәтижелерге қол жеткізу мақсатында сипаттамалық зерттеу, статистикалық талдау және сандық көрсеткіштерді бағалау әдістері қолданылды.

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде диссертант қатерлі ісігі бар пациенттерге көрсетілетін медициналық көмектің сапасына кешенді талдау жүргізіп, экстерриториялық тәсілге және апелляция институтына негізделген медициналық көмектің сапасы мен көлемін мониторингтеудің жаңа жүйесін енгізудің негіздемесін ұсынды. Бұл зерттеудің ғылыми жаңалығын айқындайды. Алынған нәтижелер негізінде ізденуші тиісті қорытындылар жасап, медициналық ұйымдардағы ішкі және сыртқы сапаны бақылау жүйелерін жетілдіруге арналған әдістемелік ұсынымдарды әзірледі.

Осылайша, зерттеу мақсаты мен міндеттерін өз бетінше айқындауы, зерттеу әдістері мен құралдарын негіздеуі, ғылыми зерттеуді дербес жүргізуі,

алынған нәтижелерді талдап, қорытындылар мен қорғауға ұсынылатын негізгі қағидаларды тұжырымдауы диссертанттың кешенді ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті, заманауи ғылыми әдіснаманы, кәсіби білім мен зерттеушілік дағдыларды меңгерген қалыптасқан зерттеуші екенін көрсетеді.

Диссертациялық зерттеудің негізгі тұжырымдары халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларда сәтті апробацияланды. Диссертация тақырыбы бойынша ғылыми мақалалар жарияланды, оның ішінде ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда және Scopus халықаралық деректер базасында индекстелетін журналдарда.

Диссертациялық жұмыс логикалық құрылымға ие, клиникалық-статистикалық материалдардың жеткілікті көлемімен және деректерді талдаудың заманауи әдістерін дұрыс қолдануымен ерекшеленеді. Жұмыс 6D110200 – «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға сай келетін тұрғыдан аяқталған, өз бетінше жүргізілген ғылыми зерттеу болып табылады.

Қорытындылай келе, аталған диссертациялық жұмыс жоғарыда аталған талаптарға толығымен жауап береді және Тұрмаханбетов Бекзат Маратұлы ізденушінің өз бетінше ғылыми зерттеу жүргізу қабілетін дәлелдеді. Осыған байланысты, диссертациялық жұмысты ашық қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:
медицина ғылымдарының докторы,
қауымдастырылған профессор
М. Айкимбаев атындағы
Аса қауіпті инфекциялар
ұлттық ғылыми орталығының
бас директорының ғылым
жөніндегі орынбасары



Г.Ж. Токмурзиева

Токмурзиева
заверено

Токмурзиева Г.Ж.
Уч

Ученый Секретарь
Умарова С.К